

**Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2003 жылғы 28 сәуірдегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісімнің қолданыс мерзімін ұзарту және оған өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 758 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2003 жылғы 28 сәуірдегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісімнің қолданыс мерзімін ұзарту және оған өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

Жоба

*Қазақстан Республикасының  
К.Мәсімов*

**2003 жылғы 28 сәуірдегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісімнің қолданыс мерзімін ұзарту және оған өзгерістер енгізу туралы**

## **ХАТТАМА**

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер, 2003 жылғы 28 сәуірдегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыруға және оның үздіксіз қолданысын қамтамасызетуге деген ұмтылысын негізге ала отырып,

Келісімнің 24-бабында айқындалған оның қолданыс мерзімінің 2016 жылғы 23 қаңтарда аяқталатындығын түсіне отырып,

Келісімге тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігін ескере отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1-бап**

Келісімнің қолданысы 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қолданылу мерзіміне ұзартылсын.

## **2-бап**

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

## **«3-бап**

Тараптар темір жолдарды техникалық бүркемелеу және қалпына келтіру іс-шараларын жоспарлау мен жүзеге асыруды, осы Келісімді орындау мен Тараптардың теміржол әскерлері мен арнайы құралымдарын қолдану туралы Ұйымның Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) шешімдерін іске асыруды үйлестіруді Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне жүктейді.».

2. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

## **«4-бап**

Ұйымның Қорғаныс министрлері кеңесі және Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының комитеті ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру бойынша іс-шараларды орындау жөніндегі Мемлекетаралық жұмыс тобын құрады, ол туралы ережені және оның құрамын бекітеді.».

3. 16-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Медициналық қызмет көрсеткені үшін ақшалай есеп айырысулар 2010 жылғы 10 желтоқсандағы ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құрамаларының мәртебесі туралы келісімнің 7-бабына сәйкес жүзеге асырылады.».

4. 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

## **«18-бап**

Құпия ақпаратты қамтитын мәліметтер алмасу қажет болған кезде Тараптар 2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде Құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге сәйкес оны беру мен қорғауды қамтамасыз етеді.».

5. 24-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Келісім 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қолданыс мерзімі ішінде қолданыста болады.».

## **3-бап**

Осы Хаттама Келісімнің 22-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2015 жылғы \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жолдайтын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының хатшылығында сақталады.

*Армения Республикасы үшін*

*Қырғыз Республикасы үшін*

*Беларусь Республикасы үшін*

*Ресей Федерациясы үшін*

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК